

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты:

28.08.2022 жыл

Түрі: Дәстүрлі (тұрақтандыру)

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

Мақсаты: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Қатысқандар саны— 34

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
2. Балабақша педагогикалық ұжымын оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту. Индикатор жүргізуде қолданылатын дидактикалық құралдарды таңдау. Жауапты әдіскер
3. Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар. Жауапты әдіскер
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. Жауапты әдіскер
5. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
6. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Жауапты әдіскер
7. Көрме. Топтардың оқу жылына дайындығы. Жауапты әдіскер, топ тәрбиешілері

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Шарафутдинова Балжан Султановна сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Шарафутдинова Балжан Султановна әдіскер

Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде әдіскер сайлауды ұйғарды.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамына: балабақшаның меңгерушісі (төраға), әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, психолог, тәрбиешілер бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Шарафутдинова Балжан Султановна сайлансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті.

Тәрбиешілер келелі мәселесі және өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын

айтып әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Аға тәрбиеші Агибаева Кульсара Чимкентбаевна

Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

2. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Тәрбиеші Төлеген Анда 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жұмысын жетілдіруге және балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат, міндеттерін шешуге бағытталған.

3. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Орал Ұлбосын: Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

4. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Шарафутдинова Балжан Султановна 2022-2023 оқу жылына құрылған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес құрылып, осының негізінде ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі жасалғандығын айтты.

ШЕШІМ:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

5. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, желтоқсан 2022ж, мамыр 2023ж.

3 ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Шарафутдинова Балжан Султановна сөз бастады

Әдіскер Шарафутдинова Балжан Султановна мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қ.Р.Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы №292 қаулысының 1-қосымшасы)сәй Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы әзірленгендігін айтты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына *Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген

сабағы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша 4 ** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. *** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ығрақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. **** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу балалардың білуге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Сол себепті кез-келген педагог өз іс-тәжірибесінде түрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданады. Осы мәселе бойынша өз пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар дер сөз кезегін тәрбиешілерге берді.

Барлық тәрбиеші әдіскер ұсынысын қабылдады.

ШЕШІМ:

3.Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ӨТШТ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдансын. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі А.Б.Керимбекова 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын сайлап бекіту керектігін айтты. Педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғаларды 2 санатқа аттестаттаудан өткізу үшін білім беру ұйымдарында аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Аттестаттау комиссиясының төрайымы ретінде білім беру ұйымының басшысы сайланады. Сондықтан аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, мүшелері ретінде жоғары, бірінші санатты тәжірибелі тәрбиешілер сайлауды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

1.Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып балабақша меңгерушісі, төрайымының орынбасары әдіскер, мүшелері болып тәрбиешілер сайлансын. Комиссия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Сол себепті, тәлімгер тәрбиеші бекітілу керек деп ойлаймын. Осы туралы ойларыңызды айтсаңыздар.

ШЕШІМ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін. Тәлімгер тәрбиешінің жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, балабақшаның әдіскер кабинетіне тапсырылсын. Жауапты әдіскер Б.С.Шарафутдинова

6.ТЫҢДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітті.

ШЕШІМ:

Оқу жылы барысында дамыту орталықтарында барлық білім беру салалары бойынша көрнекіліктер мен құралдар толықтырылып, топ бөлмелері жыл мезгіліне байланысты безендірілсін. Жауапты топ тәрбиешілері.

Педагогикалық кеңес төрайымы

А.Б.Керимбекова

Хатшы :

Б.С.Шарафутдинова



“Бақдаулет-Grib” бөбекжайы ЖШС балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттамасы № 2

Қасымбек Датка ауылы
Қатысқаны-30
Қатыспағаны-0

30.11.2022 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы “Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы

- 1 №1 педкеңес шешімінің орындалуы
 - 2 Тақырыптың бақылау қорытындысы “Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы”
 - 3 Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау
 - Кіші жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы
 - Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет
 - 4 Тәжірибе алмасу
 - “Балабақшаның денсаулық сақтау кеңестігінің үлгісі”
 - “Педагогикалық жәрмеңке”
 - “Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері”
 - 5 “Денсаулық сақтау әлемі” балаларға арналған спорттық ойындар құралдары
 - Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері
- Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдақ

1 Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Шарафутдинова Балжан сөз бастады. Өз сөзінде номер1 педагогикалық кеңестегі шешімдердің орындалуына тоқталды онда 2022-2023 оқу жылғы жылдық жоспар, тәрбиешілердің перспективалық циклограммалық жоспарлары бекітілді

2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері сөз бастады. Онда күн тәртібінің сауықтыру шаралары жүргізілді. Тақырыптың бақылау қорытындысы бойынша топтарда күн тәртібіне сай түсті ұйқыдан кейінгі жасалатын сауықтыру шараларының басшы міндеті, балалардың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшандық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Балабақшада қосымша бағдарламалар және инновациялық технологиялар қолданылады. Баланы тұлға ретінде қалыптастыруда оның дене дамуына көңіл аударуымыз қажет

3 Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешісі Джурумбаева Сандуғаш сөз бастады. Баяндама тақырыбы “Баланың өмір мен денсаулығын қорғау” Біздің балабақшамыздың басым бағыттарының бірі-балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. “Дені сау болса-дәулет сол”

Демекші балдырған балаларымыздың дендері сау, дене бұлшық еттері қалыптасқан батыл болып өсуіне ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізілсе қызығушылығы артады.

- Гигиеналық жұмыс (Жуыну, шынтаққа дейін қолға су құю, дәрілік шөптермен ауыз шаю)
- Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртінуге
- Дене шынықтыру оқу іс-қызметі таза
- Дем алу, сергіту жаттығулары

Осы кесте бойынша барлық топтарда жүргізіледі. Жылдық барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көңіл бөлуде.

4 Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешілері “Балабақшаның денсаулық сақтау кеңестігінің үлгісі” тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Онда-Педагогикалық жәрмеңке

5 Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешілері “Денсаулық сақтау әлемі” атты көрме өткізілді. Көрмеге бала денсаулығын дамытуға арналған физикалық дағдыларды дамыту құралдары көрмеге қойылды.

1. № педкөенес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын

3 Топтарда шынықтыру шаралары ұйымдастырылсын

5 “Денсаулық сақтау әлемі” атты спорттық ойындар ұйымдастырылсын Іс-шараның өтілуін бақылауды балабақша медбикесі мен әдіскерге жүктелсін

Handwritten signature: *Handwritten signature*

Хатшы :

Б.С.Шарафутдинова

“Бақдаулет-Grib” бөбекжайы ЖШС мекемесі
№3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қасымбек Датка ауылы
Қатытканы-32
Қатыспағаны-0

26.01.2023 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы-Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік-тілдік қарым-қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру.

- 1 №2 педкеңес шешімінің орындалуы
- 2 Тақырыптық бақылау. “Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы
- 3 Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері
- 4 Өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайы
- 5 “Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуына театрландырылған әрекеттің рөлі

1 Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.С.Шарафутдинова сөз бастады. Өз сөзінде №2 педкеңес шешімінің орындалуына тоқталды. Онда барлық топтарда шынықтыру шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар “Ден саулық сақтау әлемі” атты спорттық ойындар сайысы өтілді.

2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешісі Ашбаева Кулсара апай сөз бастады. Ол баяндамасында “Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың “Білім туралы” ҚР заңнамасының 5 бабының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартында көрсетті.

- 1) Білім беру бағдарламасының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында МДТО үлгілік және вариативтік жоспарын әзірлеу
- 4) МДҰ жас топтарының күн тәртібін әзірлеу
- 8) Балалардың тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негізі болып табылады.

3.2 Дамытушы орта-заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділігі және немен айналысатын өз бетінше таңдауын күні бойы идеяларын іске асыру мүмкіндігі қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын ұолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы тиіс. Сонымен қатар баланың тілдік қорын дамыту 1,5 жастан басталады. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың сөздік қорын дамыту қажет.

3 Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.С.Шарафутдинова сөз бастады. Өз сөзінде балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының деңгейі 68.3 %-ды құрайды. Аралық бақылау барысында барлық топтардың дамытушы дағдыларына қарай бағаланды.

4 Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.С.Шарафутдинова педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы бойынша жұмыс жасалуда

5 Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешісі Жақсылық Ақжан сөз бастады. Өз сөзінде “Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрланған әрекеттің рөлі” туралы баяндама оқыды.

Шешім етті

- 1 №2 педкеңес шешімі қанағаттанарлық деп танылсын

- Б.С.Шарафутдиновга жуктелсін

5 А.Жақсылықтың баяндамасы жақсы деп танылсын

иновара жүктелсін
стын баяндамасы жак
ы ЖПС
герушісі

Kuz

Б.С.Шарафутдинова

Хатшы :

“Бақдаулет-Grib” бөбекжайы ЖШС мекемесі
№4 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы

Қасымбек датқа ауылы
Қатысқандар-32
Қатыспағандар-0

30.03.2023 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы “Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік”

- 1 №3 педкеңес шешімінің орындалуы
- 2 “МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі” кешенді бақылау
- 3 Педагогикалық қобдиша
- ”Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту”
- ”Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру”
- 4 “Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар”
- 5 Әртүрлі мәселелер

- 1 Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балаақша әдіскері Б.С.Шарафутдинова №3 педагогикалық кеңес шешімінің толық орындалғанын баяндады
- 2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Балжан Сұлтанқызы сөз бастады.Өз сөзінде “МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі” кешенді бақылау кеңесін өткізуі негізінде тәрбиешілерді зерттеу-эксперименттік қызмет бойынша жкмысының негізі бағыттарымен таныстырды.Эксперимент бұрыштарында қажетті жабдықтардың нұсқаларына мысал келтірді.Ұйымдастырылған қызмет барысында педагог назарына қауіпсіздік техникасына аударды.
- 3 Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақшаның аға тәрбиешісі Кульсара Чимкентбаевна сөз бастады.Өз сөзінде “(Педагогикалық негізде) Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту тақыры бойынша баяндады.Балалардың өнер құралдары мен тәрбиелеу-көркемдік тәрбие пәнін құрайды.Тәрбиеші баланы сұсулықты қабылдауға,оған эмоциялық ықылас білдіруге,сондай-ақ,эстетикалық ұғым,эстетикалық пікір,эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға ықпал жасау қажет. Эстетикалық сезім дегеніміз-өмірдегі,көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәп алу,толқу,рахаттану.
- Музыкалық көркем бейне балаларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін ашуда жаңаша ойлау өрісін байытып,өмірлік тәжірибесін кеңейтуде елеулі үлес қосады. Жаңаша ойлау өрісін байытып,өмірлік тәжірибесін кеңейтуде елеулі үлес қосуда.Музыка эстетикалық тәрбиенің маңызды бір бөлігі бола отырып жеке тұлғаның ақыл ойымен дене бітімін жетілдіріп,жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге,қызығушылық біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады.
- “Баланың эстетикалық тәрбие талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру тақырыбында баяндамасын тәрбиеші Мауленова Жанат баяндады,Өз сөзінде Эстетикалық тәрбие дегеніміз-қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен анық жеке басымен ықпал етуге бағытталған,жүйелі үрдіс Эстетикалық сезім дегеніміз,өмірдегі көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу,толқу т.б.

4 Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Балжан Сұлтанқызы сөз бастады. Өз сөзінде жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар көрмесін өтілетінін хабарлады. Онда әр педагог өз тиімді ұсыныстарын ұсынуды сұрады.
Шешім етті

- 1 №3 педагогикалық кеңес шешімі толық орындалды деп танылсын
- 2 МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі кешенді бақылауын балабақша әдіскері Б.С.Шарафутдиноваға жүктелсін.
- 3 Оқылған баяндамалар қанағаттанарлық деп танылсын
- 4 “Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар көрмесі өтілуін балабақша әдіскері Б.С.Шарафутдиноваға жүктелсін.

“Бақдаулёт-Grib” бөбекжайы ЖШС
Балабақша меңгерушісі



А.Б.Керімбекова

Хатшы :

Б.С.Шарафутдинова

“Бақдаулет-Grib” бөбекжайы ЖШС мекемесі
№5 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы

Қасымбек Датқа ауылы
Қатысқаны-30
Қптыспағаны-2

26.05.2023 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы - “Мектепке дейінгі мекеменің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстың нәтижелігі

1 №4 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

2 Диагностикалық есеп

-”Менің жұмысымның нәтижесі”

-”Біздің жетістіктеріміз”

3 “Педагогтардың кәсіби құзреттілігінің рейтингі”

-МАД топтың жай-күйін кешенді бақылау қорытындысы”

4 Қорытынды 2 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы.

5 “Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту”

6 “Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері

7 Әр түрлі мәселелер

1 Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Б.С.Шарфутдинова сөз бастады.Өз сөзінде №4 педагогикалық кеңесте шешім етілген бойынша толық орындалғанын айтты.

2 Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Балабақша әдіскері Б.С.Шарфутдинова сөз бастады.Өз сөзінде балабақша тәрбиешілері шығармашылық жұмыс бойынша қорытынды есеп беріп,өз жетістіктерін көрсетті. Онда Сайрам аудандық адами әлеуметті дамыту бөліміне қарасты балабақшалар арасында өткізілген “Хапталалай” ұлттық ойыны,”Әже,ана және мен”,”Шеше көрген тон пішер” т.б сайыстарға қатысты.

2-”Біздің жетістіктеріміз” 2022-2023 оқу жылында балабақша тәрбиеленушісі Бахытжан Көркем “Алтын күз” сайысына қатысып 3 орын иеленді.

3 Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Балжан Сұлтановна сөз бастады.Өз сөзінде педагогтердің кәсіби құзреттілігінің рейтингі бойынша қорытынды шығарылып үздік аталған тәрбиешілер марапатталады.МАД топтардың жай-күйін кешенді бақылау жұмыстары жүргізілді.МАД топ тәрбиешілерін мектепке дайындығын бақылау барысында олардың әріптерді толық тануы,таңбалап жазуы,буындап оқи алуы,сандарды оң және кері санай алуы,бір таңбалы сандарды қосып алалатыны белгілі болды.МАД топ тәрбиешілерімен балабақша психологі жұмыс жасап нәтижесінде балалардың мектепке толық дайындығы анықталды.

4 ҚорытындыБалабақша әдіскері 2 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы 78 пайыз құралғанын айтты.

5 Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Балжан Сұлтанқызы сөз бастады.Өз сөзінде 2023 жылғы жаз сауықтыру кезеңінің пресективалық жоспарымен таныстырды.”Алақай,жайдарлы жаз келді” жазғы-сауықтыру кезеңінде балалар спорттық жаттығулар,таза ауада ұлттық ойындар сайысы,ертегілер әлемімен,су әлемімен,табиғат құбылыстарымен,қауіпсіздік ережелерімен,сахналық қойылымдарымен,бассейде шомылу,түрлі қимылдық сайыстармен қамтылады.Жаз мезгілінде балалар балабақша медбикелердің қадағалауымен түрлі витаминдермен,сауықтыру шараларымен қамтылады. Шешім етті

- 1 №4 педагогикалық кеңес шешімдері толық орындалды деп танылсын
- 2 Балабақша әдіскері Балжан Сұлтанқызына диагностикалық есепті толтыру жүктелсін.
- 3 Педагогикалық кәсіби құзреттілігінің рейтингі бойында жетістікке жеткен ұстаздар марапатталсын.
- 4 Балабақшаның 2 жарты жылдық мониторинг қорытындысы 82,05 пайыз деп танылсын.
- 5 Жазғы-сауықтыру кезеңінің жоспарын бекітуді өзіме қалдырамын.

“Бақдаулет-Спб” ЖШС
Балабақша меңгерушісі

Хатшы :



А.Б.Керімбекова

Б.С.Шарафутдинова